

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 шілдедегі N 773 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үкіметтің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-к ұ ж а т) :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 17-1-жолдың 3-бағанындағы "Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету, " деген сөздер алынып тасталсын;

2) **к ү ш і ж о й ы л д ы**

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19. N 610 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 25 шілдедегі

N 773 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін, адвокаттық және нотариалдық қызметтер көрсетуді лицензиялау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 тамыздағы N 1262 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 37, 359-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 тамыздағы N 1262 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 қаңтардағы N 56 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 3, 19-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 тамыздағы N 1262 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 330 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 11-12, 121-құжат).

4. "Мүлікті бағалау жөніндегі қызметті лицензиялаудың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 қарашадағы N 1389 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 39, 490-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы.